
«Бекітемін» _____
№5 мектеп-лицей директоры
Р.Мұхашова
« 29» тамыз 2025ж

«Келісемін» _____
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Т.Тастаева
« 29» тамыз 2025ж

“Адал азамат” біртұтас тәрбие бағдарламасын
2025-2026 оқу жылында жүзеге асыруға арналған
тәрбие жұмысының жоспары
Сыныбы: 5 «Б»
Сынып жетекші: С.Б.Сағатова



«АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес 2023 жылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы әзірленіп, барлық білім беру ұйымдарына енгізілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Тоқаев 2024 жылы Ұлттық құрылтайдың «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты үшінші отырысындағы тапсырмасына сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасының мазмұны жаңартылды.

Еліміздің болашақтағы негізгі сұлбасын «Әділетті Қазақстан – Адал азамат – Озық ойлы ұлт» деген үштаған ұғым арқылы сипаттады. Үштаған – бір-бірінен бастау алатын және өзара тығыз байланысты ұғымдар, ел ішінде заң мен тәртіпті қатаң сақтауды қамтамасыз етуді саясатымыздың тұғырлы қағидатына айналдыратын мықты демократиялық институттары мен дамыған құқықтық жүйесі бар әділетті мемлекетті құрудың шарты және еліміздің жаңғыруы мен әрі қарай дамуының стратегиялық бағдарын айқындайды. Бұл «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының басты идеясына айналды.

- **Бағдарламаның мақсаты:**

қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

- **Бағдарламаның міндеттері:**

✓ **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**

отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

✓ **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

✓ **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**

басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

✓ **Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:**

әрбір білім алушыны тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;
білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру.

- **Бағдарлама мазмұны:**

Білім алушылардың бойында құндылықтарды дамыту білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие процесі жағдайында жүйелі ұйымдастырылады. Бұл міндетті іске асыру білім беру мазмұны, сынып сағаттары

мен сыныптан тыс іс-шаралары арқылы жүзеге асырылады.
Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

- **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

Бағдарламаны дәйекті және кешенді іске асыру нәтижесінде білім берудің барлық деңгейіндегі ұйым түлектерінің бойында құндылықтар мен негізгі құзыреттері қалыптастыру және дамыту күтіледі:

✓ **Құндылық: тәуелсіздік және отаншылдық**

Құзыреттілік: ұлттық мүддені дамыту
Негізгі орта мектеп түлегі:
Қазақстанның тарихын, мәдениеті мен дәстүрлерін, оның тәуелсіздігін және оны сақтаудың маңыздылығын түсіну;
Қазақстанның тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсету;
Қазақстанның мемлекеттік рәміздеріне, ұлттық мерекелерге құрмет көрсету;
азаматтық және ұлттық бірегейлікті түсіну;
мемлекеттік тілді меңгеру;
Қазақстанның мәдени мұрасын сақтау және оны әрі қарай дәріптеу бойынша волонтерлік қызмет пен жобаларға қатысу;
әр түрлі ұлт өкілдерімен сыйластық қарым-қатынас;
Қазақстан азаматының міндеттерін орындауға, өз елінің мүдделері мен құндылықтарын қорғауға дайын болу.

✓ **Құндылық: бірлік және ынтымақ**

Құзыреттілік: тиімді коммуникация
Негізгі орта мектеп түлегі:
қоғамдағы әлеуметтік нормаларды, ережелерді білу және түсіну;
сенімді қарым-қатынас орнату және сыныпта жағымды ахуалды сақтай білу;
тек өзі үшін ғана емес, жалпы ұжым үшін де жауапты болуға дайын болу;
бірлескен іс-әрекет пен өзара іс-әрекет кезінде басқалардың пікірлері мен сезімдерін құрметтей білу;
басқалармен жағымды қарым-қатынас орната білу және қоғамдық өмірге үлес қосу.

✓ **Құндылық: әділдік және жауапкершілік**

Құзыреттілік: қоғамға қызмет
Негізгі орта мектеп түлегі:

өз әрекетін жоспарлау және ұйымдастыру;
әдеп нормасына сәйкес өзінің және басқалардың іс әрекеттерін талдау;
оқу тапсырмасын орындауда табандылық таныту;
берілген ортақ іс үшін ұжым алдындағы жауапкершілікті түсіну;
басқаға көмектесуге, мейірімділік танытуға дайын болу;

- ✓ **Құндылық: заң және тәртіп**

Құзыреттілік: азаматтық борыш және парасаттылық
Негізгі орта мектеп түлегі:
құқықтық жүйе мен адам құқығы негіздерін білу;
тәртіп пен әділдік, нормалар мен ережелерді сақтау қажеттілігін түсіну;
қоғамды қорғау мен қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі заң мен тәртіптің маңыздылығын білу.

- ✓ **Құндылық: еңбекқорлық және кәсіби біліктілік**

Құзыреттілік: инновациялық ойлау
Негізгі орта мектеп түлегі:
өзінің және басқалардың еңбегінің нәтижелерін бағалау;
түрлі мамандықтар мен олардың қызмет ерекшеліктерін зерттеуге қызығушылық таныту;
өз уақытын тиімді жоспарлай білу және кез келген қызметтің нәтижелеріне қол жеткізу үшін күш салу;
еңбек қоғамдық және табысты болудың негізі екенін түсіну;
жеке мүдделерді, қажеттіліктерді ескере отырып, білім мен өмірлік жоспарлардың жеке траекториясын саналы түрде таңдауға және құруға дайын болу.

- ✓ **Құндылық: жасампаздық және жаңашылдық**

Құзыреттілік: шығармашылық
Негізгі орта мектеп түлегі:
тапсырмаларға шығармашылықпен қарай білу, өз шешімдері мен идеяларын ұсына білу;
өз бетінше әрекет ету және жобаларды іске асыру;
бақылау, өлшеу, эксперименттер мен тәжірибелер жүргізу;
модельдеу, таным объектілерінің құрылымын анықтау, бір бүтіннің әртүрлі бөліктері арасындағы қатынастарды іздеу және бөлу, процестерді кезеңдерге бөлу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтай алу;
оқу есептерін шешудің оңтайлы тәсілдерін таба білу, ол үшін жаңаларын қолдану және бұрыннан таныс алгоритмдерді біріктіру, оларды стандартты емес есептерді шешуге қолдана алу;
әр түрлі таным құралдарын қолдану дағдылары, әлем туралы білім жинақтау (тілдік, оқырмандық мәдениет, ақпараттық, цифрлық ортадағы қызмет).

Әр айдың іс-шаралары :
күнделікті
• «Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды
• **«Апта дәйексөздері»** – бүкіл білім беру ұйымның оқу және оқудан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, халық даналығы, көрнекті тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, сынып тақталарында және т.б. орналастырылады.

• **«Қауіпсіздік сабағы»** – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру немесе әңгіме өткізу

• **«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»** – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

• **«Өнегелі 15 минут»** – ата-аналардың баласымен мінезқұлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

• **«Үнемді тұтыну»** – суды, тамақты, энергияны тұтыну бойынша күнделікті табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру: жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар әзірлеу

• **«Күй күмбірі»** – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде күй тыңдау апта сайын.

5- сыныптардың сынып сағаттарының жұмыс жоспары				
Қыркүйек – еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы **1 қыркүйек** – «Білім күні» **5 қыркүйек** – Қазақстан халқы тілдері күні **Қыркүйектің екінші жексенбісі** – Отбасы күні **Қыркүйектің үшінші жексенбісі** – Аналар күні **Қыркүйектің соңғы жексенбісі** – Еңбек күні				
№	**Тәрбие құндылықтары бойынша іс- шара тақырыптары**	**Аяқтау нысаны**	**Жауаптылар**	**Орындау мерзімі**
I тоқсан				
1-апта дәйексөзі: Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына (Мұзафар Әлімбаев) **01-05.09.2025ж.**				
1	1 қыркүйек -Білім күні. **«Мектебім – мейірім мекені!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 1-САБАҚ:** *5- сыныптар:* «Төтенше нөмірлер» *6 –сыныптар:* «Жедел қызмет нөмірлері» *7- сыныптар:*«Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары *8- сыныптар:*«Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**01.09.25ж.**
2-апта дәйексөзі: Жанұям – қорғаным, ата-анам – тірегім! **08-12.09.2025ж.**				
2	«Біздің қала (кент), аудан.» **ЖЖЕ №1 / «Отбасындағы сыйластық»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 2-САБАҚ:** *5- сыныптар:* «Мектептегі қауіпсіздік	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**08.09.25ж.**

	ережелері» *6- сыныптар:* «Көшедегі қауіпті нысандардан қалай аулақ болуға болады?» (Фонтан) *7- сыныптар:* «Бейтаныс адамдармен қарым қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар *8 –сыныптар:* «Саяхат кезіндегі төтенше жағдайлар (өрт, жер сілкінісі, су тасқыны)			
3-апта дәйексөзі: Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға! (Абай) 15-19.09.2025ж.				
3	**«Буллингтен қорған!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 3-САБАҚ:** *5- сыныптар:* «Үйге қауіпсіз оралу: қолайсыз ауа- райында не істек керек? *6 - сыныптар:* «Сіздің жеке деректеріңіз және оларды қалай қорғауға болады? » *7- сыныптар* : «Цифрлық диета» Челленджі: гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту сізге қалай әсер етеді? *8- сыныптар*: «Желідегі жас шектеулері және олар не үшін қажет»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**15.09.25ж.**
4-апта дәйексөзі: Еңбек – жай ғана қызмет емес, адам болмысының айнасы.(Абай) 22-26.09.25ж.				
4	**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** **«Еңбек түбі береке»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 4-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Қақтығыс жағдайындағы қарапайым қадамдар *6- сыныптар* : «Кибербуллингтің белгілері, қалай ерте тануға және өзіңізді қорғауға көмектесуге болады?». *7- сыныптар* : «Кибербуллингтің түрлері. Әр адамның қауіпсіздігі неде және сіздің әрекеттеріңіздің алгоритмі ұандай болуы керек» *8- сыныптар:* Менің қандай құқығым бар?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**22.09.25ж.**
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық **1 қазан** – Халықаралық карттар күні				

5 қазан – Мұғалімдер күні **24 қазан** – Кітапханашылар күні **25 қазан** – Республика күні				
1-апта дәйексөзі: Ел-жұртымның бақыты аталатын, Сөнбесін мәңгі сенің, Отан, атың! **29.09-03.10.25ж.**				
5	**«Қамқор» жобасы** **«Қоғамға қызмет ету»** волонтерлық қызмет. *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 5-САБАҚ** *5 -сыныптар :* «Әлеуметтік желілер: негізгі қауіпсіздік ережелері» *6 – сыныптар:* «Зиянды бағдарлама. Қауіпті қалай тануға болады?» *7 – сыныптар:* «Жағдайларда ата- аналарға сену неге маңызды?» *8 –сыныптар:* «Өзіңіз туралы жеке ақпаратты беру қауіп»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**29.09.25ж.**
2-апта дәйексөзі: Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас! **06-10.10.25ж.**				
6	**«Жол-көлік оқиғаларының себептері» ЖЖЕ №2 / «Ұстазым - ұлағатым, үлгі өнегем!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 6-САБАҚ** *5 -сыныптар:* «Қауіпті сынақтар (Челленждер) *6- сыныптар:* «Неліктен ата- анаңмен өз тәжірибеңмен бөлісу маңызды?». *7 - сыныптар*: «Желідегі қауіпті хобби (треш - стрим)» *8- сыныптар*: «Кибербуллингтің рөлдік құрылымы. Егер сіз қатысушы болсаңыз не істеу керек. Өзіңізге алғашқы көмек»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**06.10.25ж.**
3-апта дәйексөзі: Отанды сүю – отбасынан басталады! **13-17.10.25ж.**				
7	«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 7-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Көшедегі қауіпті заттардан қалай аулақ болуға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**13.10.25ж.**

	6 - сыныптар: «Бассейндегі немесе судағы жаракаттар мен кездейсоқ оқиғаларды қалай болдырмауға болады?» *7- сыныптар:* «Судағы қауіпті жағдайларды қалай тануға және судағы жазатайым оқиғарадың қалай алдын алуға болады?» *8 –сыныптар:* «Қауіпті және болжанбайтын жағдайлардан, зиянсыз әзілдер мен ұсыныстарды қалай ажыратуға болады»			
4-апта дәйексөзі: Отаным – алтын бесігім! **20-24.10.25ж.**				
8	**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** Ұлттық мереке 25 қазан – «Республика күні» **«Қазақ елі менің - Отаным»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 8-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Қауіпсіз ашық ойын алаңының ережелері» *6 - сыныптар:* «Мұздағы қауіпсіздік» *7- сыныптар :* «Өзіңізге және айналаңыздағыларға қауіпсіз велосипед тебуді қалай ұамтамасыз етуге болады» *8- сыныптар:* «Ата – анамен және сенімді ересектермен қауіпсіздік мәселелерін қалай ашық талқылауға болады»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**20.10.25ж.**
II тоқсан				
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы **15 қараша** – «Ұлттық валюта» теңге күні **16 қараша** – Халықаралық толеранттылық күні				
1-апта дәйексөзі: Әділдік пен жауапкершілік – біртұтас ұғым! **03-07.11.25ж.**				
9	**«Еңбегі адал жас өрен» жобасы** **«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 9-САБАҚ** *5 –сыныптар: «*Денсаулықты сақтайтын әдеттер» *6- сыныптар* : «Халықаралық көмек көрсету белгілері» *7- сыныптар*: «Қиын кезеңдердегі достық:	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**03.11.25ж.**

	жанжалда досыңызға қалай қауіпсіз көмектесуге болады! *8- сыныптар* :«Күмәнді жағдайда салауатты және қауіпсіз өмірге апаратын жол»			
2-апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ! 10-14.11.25ж.				
10	**15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні «Ұлттық валюта-теңге»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 10-САБАҚ** *5 -сыныптар :* «Бейтаныс адамның шақыруынан қалай сенімді және қауіпсіз бас	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**10.11.25ж.**

	жанжалда досыңызға қалай қауіпсіз көмектесуге болады! *8- сыныптар* :«Күмәнді жағдайда салауатты және қауіпсіз өмірге апаратын жол»			
2-апта дәйексөзі: Тура биде туған жоқ! 10-14.11.25ж.				
10	**15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні «Ұлттық валюта-теңге»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 10-САБАҚ** *5 -сыныптар :* «Бейтаныс адамның шақыруынан қалай сенімді және қауіпсіз бас тартуға болады?» *6- сыныптар:* «Жасанды интеллект, оған сөзсіз сену керек пе?» *7 – сыныптар:* «Менің негізгі құқықтарым мен міндеттерім1 *8- сыныптар:* «Қауіпті селфи»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**10.11.25ж.**
3-апта дәйексөзі: Жауапкершілік – адамгершілік қасиеттің көрінісі 17-21.11.25ж.				
11	**«Буллингтен қорған!» / «Жол таңбаларының мақсаты» ЖЖЕ№3** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 11-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Төтенше нөмірлер» *6 –сыныптар:* «Жедел қызмет нөмірлері» *7- сыныптар:*«Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары *8- сыныптар:* «Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**17.11.25ж.**
4-апта дәйексөзі: Әділетте берік болсаң аяғың таймайды! 24-28.11.25ж.				
12	**«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 12-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Мектептегі қауіпсіздік ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**24.11.25ж.**

	қалай аулақ болуға болады?» (Фонтан) *7- сыныптар:* «Бейтаныс адамдармен қарым қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар *8 –сыныптар:* «Саяхат кезіндегі төтенше жағдайлар (өрт, жер сілкінісі, су тасқыны)			
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы **5 желтоқсан** – Дүниежүзілік Еріктілер күні **16 желтоқсан** – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні				
1-апта дәйексөзі: Бірлігі күшті ел озады **01-05.12.25ж.**				
13	**«Қамқор» жобасы** **«Табиғатқа қамқорлық жасаймыз!»** акциясы *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 13-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Үйге қауіпсіз оралу: қолайсыз ауа- райында не істек керек? *6- сыныптар:* «Сіздің жеке деректеріңіз және оларды қалай қорғауға болады? » *7- сыныптар* : «Цифрлық диета» Челленджі: гаджеттерден қысқа уақытқа бас тарту сізге қалай әсер етеді? *8 -сыныптар*: «Желідегі жас шектеулері және олар не үшін қажет»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**01.12.25ж.**
2-апта дәйексөзі: Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді **08-12.12.25ж.**				
14	**«Буллингтен қорған!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 14-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Қақтығыс жағдайындағы қарапайым қадамдар *6- сыныптар:* «Кибербуллингтің белгілері, қалай ерте тануға және өзіңізді қорғауға көмектесуге болады?». *7- сыныптар :* «Кибербуллингтің түрлері. Әр адамның қауіпсіздігі неде және сіздің әрекеттеріңіздің алгоритмі ұқандай болуы керек» *8 -сыныптар*: «Менің қандай құқығым бар?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**08.12.25ж.**
3-апта дәйексөзі: Бірлік болмай тірлік болмас				

	15-19.12.25ж.			
15	*«Тәуелсіздік* – **теңдесі жоқ байлығым»/ «Қосымша секциялары бар бағдаршам белгілері» ЖЖЕ №4** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 15-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Әлеуметтік желілер: негізгі қауіпсіздік ережелері» *6 - сыныптар :* «Зиянды бағдарлама. Қауіпті қалай тануға болады?» *7- сыныптар:* «Жағдайларда ата- аналарға сену неге маңызды?» *8- сыныптар:* «Өзіңіз туралы жеке ақпаратты беру қауіп»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**15.12.25ж.**
	4-апта дәйексөзі: Ынтымақ – бұзылмайтын қорған **22-26.12.25ж.**			
16	**«Жаңа жылдық тарту»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 16- САБАҚ** *5- сыныптар:* «Қауіпті сынақтар (Челленждер) *6- сыныптар :* «Неліктен ата- анаңмен өз тәжірибеңмен бөлісу маңызды?». *7 - сыныптар* : «Желідегі қауіпті хобби (треш - стрим)» *8 -сыныптар*: «Кибербуллингтің рөлдік құрылымы. Егер сіз қатысушы болсаңыз не істеу керек. Өзіңізге алғашқы көмек»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**22.12.25ж.**
	III тоқсан			
	Қаңтар – заң және тәртіп айы **1 қаңтар** – Жаңа жыл			
	2-апта дәйексөзі : Талап бар жерде тәртіп бар **12-16.01.26ж.**			
17	**«Біз – сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 17-САБАҚ** *5 -сыныптар:* «Көшедегі қауіпті заттардан қалай аулақ болуға болады?» *6 - сыныптар:* «Бассейндегі немесе судағы	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**12.01.26ж.**

	жарақаттар мен кездейсоқ оқиғаларды қалай болдырмауға болады?» *7 - сыныптар*: «Судағы қауіпті жағдайларды қалай тануға және судағы жазатайым оқиғарадың қалай алдын алуға болады?» *8 -сыныптар:* «Қауіпті және болжанбайтын жағдайлардан, зиянсыз әзілдер мен ұсыныстарды қалай ажыратуға болады»			
	3-апта дәйексөзі : Тәртіп – тәрбие бастауы **19-23.01.26ж.**			
18	**«Буллингтен қорған!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 18- САБАҚ** *5 -сыныптар:* «Қауіпсіз ашық ойын алаңының ережелері» *6- сыныптар* : «Мұздағы қауіпсіздік» *7 - сыныптар* : «Өзіңізге және айналаңыздағыларға қауіпсіз велосипед тебуді қалай ұамтамасыз етуге болады» *8- сыныптар* : «Ата – анамен және сенімді ересектермен қауіпсіздік мәселелерін қалай ашық талқылауға болады»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**19.01.26ж.**
	4-апта дәйексөздері: Әділет жолы- адал жол **26-30.01.26ж.**			
19	**«Заң және Тәртіп» құндылығы** **«Реттеушінің белгілері» ЖЖЕ №5** Қауіпсіздік сабағы (10 минут) **№ 19- САБАҚ** *5- сыныптар:* «Денсаулықты сақтайтын әдеттер» *6- сыныптар:* «Халықаралық көмек көрсету белгілері» *7- сыныптар* : «Қиын кезеңдердегі достық: жанжалда досыңызға қалай қауіпсіз көмектесуге болады! *8- сыныптар :* «Күмәнді жағдайда салауатты және қауіпсіз өмірге апаратын жол»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**26.01.26ж.**
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық **14 ақпан** – Халықаралық кітап сыйлау күні **Ақпанның бірінші сейсенбісі** – Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні				

1-апта дәйексөзі: Жасампаздық – бәрімізге өнеге 02-06.02.26ж.				
20	«4 ақпан - Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күні» **«Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 20-САБАҚ** *5 сыныптар :* «Бейтаныс адамның шақыруынан қалай сенімді және қауіпсіз бас тартуға болады?» *6 сыныптар* : «Жасанды интеллект, оған сөзсіз сену керек пе?» *7 сыныптар*: «Менің негізгі құқықтарым мен міндеттерім *8 сыныптар* :«Қауіпті селфи»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**02.02.26ж.**
2-апта дәйексөзі: Шығармашыл бала – ойлы бала 09-13.02.26ж.				
21	**«Буллингтен қорған!»** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут*) **№ 21-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Төтенше нөмірлер» *6 –сыныптар:* «Жедел қызмет нөмірлері» *7- сыныптар:*«Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары *8- сыныптар:*«Жедел жәрдем нөмірлері және сенім телефондары	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**09.02.26ж.**
3-апта дәйексөзі: Өнерлі бала - орге жүзер 16-20.02.26ж.				
22	**Қауіпсіз қоғам / «Жол белгілері және олардың мақсаты» ЖЖЕ №6** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 22-САБАҚ** *5- сыныптар:* «Мектептегі қауіпсіздік ережелері» *6- сыныптар:* «Көшедегі қауіпті нысандардан қалай аулақ болуға болады?» (Фонтан) *7- сыныптар:* «Бейтаныс адамдармен қарым қатынас кезіндегі қауіпті сигналдар *8 –сыныптар:* «Саяхат кезіндегі төтенше	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**16.02.26ж.**

2025-2026 оқу жылындағы «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНА сәйкес 5 «Б» сыныбында жоспар бойынша атқарылған жұмыстардың анықтамалығы.

2025 жылдың 2 қыркүйек күні «Менің Отаным-Қазақстан» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Іс-шараға сынып оқушылары түгелімен қатысып,өздерінің белсенділіктерімен ерекшеленді. Сабақ барысында оқушылар Қазақстан Республикасының тарихы,жері,тәуелсіздік жолындағы жетістіктері,Елбасының еңбегі және қазіргі Президенттің саясаты туралы кеңірек мағлұмат алды. Мемлекеттік рәміздердің мәні мен маңызы түсіндіріліп,Тәуелсіздік,Бірлік,Татулық ұғымдары жан-жақты ашылды. Оқушылар Отан туралы өлеңдер оқып,мақал-мәтелдер айтып,бейнеролик көріп,туған жерге деген сүйіспеншіліктерін жүрекжарды сөздерімен білдірді. Сонымен қатар,Қазақстанның табиғи байлығы мен әсем көріністері жайында әңгімелеп,өз еліне деген мақтаныштарын көрсетті. Сынып сағаты барысында оқушылардың бойында патриоттық сезім,ұлттық құндылықтарды құрметтеу,туған жерін қастерлеу сияқты қасиеттер қалыптасты. Іс-шара өте мазмұнды,тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті.





2025 жылдың 8 қыркүйегінде 5 «Б» сыныбында «Отбасындағы сыйластық»тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты –Оқушыларға отбасының адам өміріндегі маңызын түсіндіру,ұлттың негізгі тірегі саналатын отбасы құндылықтарын дәріптеу,сыйластық,мейірімділік,жауапкершілік сынды қасиеттерді қалыптастыру.Сынып сағаты оқушыларды қызықтыратын психологиялық сергіту ойынымен басталды. «Жылы сөздер тізбегі»әдісі арқылы әр оқушы ата-анасына немесе үйіндегі отбасы мүшесіне айтатын жылы лебізін ортаға салды. Бұл балаларлың көңіл-күйін көтеріп,сабаққа жағымды атмосфера қалыптастырды.Келесі кезеңде мұғалім оқушыларға «Отбасындағы ата-ананың рөлі» атты бейнежазба көрсетілді.Бейнежазбада ата-аналардың қадір қасиетіне жететіндей өмірдегі шындықтарды көрсетілген.Балалардың ата-аналарына жасауы керек міндеті жайлы сөз етілген. Бейнежазбадан соң,оқушылар өз ойларын ортаға салды. Топтық жұмыс жасау барысы, «Ата-ананың еңбегі», «Баланың көмегі» тақырыптары берілді. Сол

топтық жұмыс барысында оқушылар үйлерінде жасайтын игі істерін, көмектерін бөлісті. Тыйым салынған сөздер арқылы, жауапкершілігі жоқ бала болудың алдын алу мақсатында ойларымен бөлісті.






2025 жылдың 15 қыркүйегінде 5 «Б» сыныбында «Буллингтен қорған!»тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Сабақтың негізгі мақсаты –оқушыларды буллинг ұғымымен таныстыру,оның түрлері мен зардаптарын түсіндіру,сондай-ақ оқушыларды өзара сыйластық пен жауапкершілікке тәрбиелеу болды. Сабақ басында мұғалім «Жылы сөздер шеңбері»әдісін ұйымдастырып,оқушылар бір-біріне жақсы тілектер айтты.Бұл олардың сабаққа белсенді әрі жағымды көңіл күймен қатысуына ықпал етті.Келесі кезеңде оқушыларға «Буллинг дегеніміз не?»тақырыбына түсіндіру жұмысы жүргізілді. Бейнеүзінді көрсетіліп,буллингтің түрлері (вербальды,физикалық,кибербуллинг)талқыланды. Әр оқушы өз ойымен бөлісіп,өмірден мысалдар келтірді.Топтық тапсырма барысында оқушылар үш топқа бөлініп, «Буллингтің зардаптары», «Көрерменнің рөлі», «Қорғану жолдары» тақырыптарын постер арқылы бейнелеп,өз жұмыстарын қорғады. Жасалған жұмыстарды ортаға талқылап,бір-бірінің ойларын толықтырды. «Сен қандай кейәпкерсің?» атты рольдік ойын арқылы әр оқушы өзін «қорғаушы», «құрбан» немесе «көрермен» рөлінде елестетіп,қысқа сахналық көрініс көрсетті. Бұл тапсырма оқушыларды жанашырлыққа,әділдікке және батылдыққа тәрбиеледі. Сабақтың соңында «Жүректен жүрекке»әдісі қолданылды. Әр оқушы стикерлерге қысқаша тілек жазып,достарына жылы лебіздер сыйлады.









2025 жылдың 22 қыркүйегінде 5 «Б» сыныбында «Қақтығыс жағдайындағы қарапайым қадамдар»тақырыбында сынып сағаты өтілді. Бұл сынып сағатының мақсаты – оқушыларға күнделікті өмірде туындайтын жанжалдар мен түсініспеушіліктерді мәдениетті түрде шешудің тиімді жолдарын үйрету. Сабақ барысында оқушылар қақтығыс ұғымымен танысып, оны басқарудың қарапайым және қауіпсіз әдістерін меңгереді.

Негізгі мазмұны:

1. Қақтығыстың себептері – түсінбеушілік, эмоциялар, қызығушылықтардың сәйкес келмеуі.
2. Қауіпсіз мінез-құлық дағдылары – тыныш сөйлеу, өз ойынды дұрыс жеткізу, қарсы тарапты тыңдай білу.
3. Қақтығысты шешудің қарапайым қадамдары:

- жағдайды бағалау;
- эмоцияларды бақылау;

- «Мен-хабарламаларын» қолдану;
- ортақ шешім іздеу;
- қажет болса, үлкендерден көмек сұрау.

4. Сыйластық пен құрметті сақтау – дауды ушықтырмаудың ең тиімді жолы.

Сабақтың нәтижесінде оқушылар дау-дамайдан қауіпсіз шығуды, өзара түсіністі күшейтуді және бейбіт коммуникация дағдыларын қолдануды үйренеді.

2025 жылдың 29 қыркүйегінде «Әлеуметтік желілер:негізгі қауіпсіздік ережелері»тақырыбында сынып сағаты өтілді. Бұл сынып сағатының мақсаты – оқушыларды әлеуметтік желілерді дұрыс пайдалану мәдениетімен таныстыру және онлайн ортада жеке қауіпсіздікті сақтаудың маңызды ережелерін үйрету. Сабақ барысында оқушылар желідегі тәуекелдер, киберқауіптер және олардан қорғану тәсілдері туралы білім алады.

Негізгі мазмұны:

1. Әлеуметтік желілердегі қауіп түрлері: жалған ақпарат, кибербуллинг, бөтен адамдардан хабарламалар, фишинг, жеке мәліметтердің таралуы.
2. Жеке ақпаратты қорғау: жеке деректерді жарияламау, аккаунт құпиялылығын баптау, берік құпиясөз қолдану.
3. Қауіпсіздік ережелері:

- белгісіз сілтемелерді ашпау;
- бейтаныс адамдармен жеке ақпарат бөліспеу;
- фото/видео жарияламас бұрын оның салдарын ойлау;
- аккаунтты екі факторлы қорғаумен қамтамасыз ету;
- күдікті әрекеттерді ата-анаға немесе мұғалімге хабарлау.

4. Онлайн әдеп (нетикет): құрметпен жазу, кемсітуге жол бермеу, дау-дамайға араласпау.

Оқушылар әлеуметтік желілерді қауіпсіз әрі мәдениетті түрде қолдануды үйренеді, жеке деректерді қорғаудың маңызын түсінеді және интернеттегі өз әрекеттері үшін жауапкершілікті сезінеді.







10 қараша 2025 күні 5 «Б» сыныбында «15 қараша – Ұлттық валюта – теңге күні» тақырыбында танымдық сынып сағаты өткізілді. Сабақтың мақсаты: оқушыларға ұлттық валютаның шығу тарихы, экономикалық тұрақтылықтағы рөлі және қаржылық мәдениетті қалыптастырудың маңызын түсіндіру болды. Сабақ барысында мұғалім теңгенің енгізілу күні, алғашқы банкноттар, ұлттық валюта тәуелсіздіктің маңызды белгілерінің бірі екендігі жөнінде мазмұнды ақпарат берді. Оқушылар «Ұлттық валюта бізге не береді?» деген сұрақ төңірегінде пікір білдіріп, өз ойларын ортаға салды. «Ақша айналымы» шағын ойыны арқылы оқушылар теңгенің күнделікті өмірдегі қажеттілігін талдап, қаржыны дұрыс басқарудың қарапайым қағидаларымен танысты. Сабақ соңында оқушылар ұлттық рәміздерге құрметпен қарау және қаржылық сауаттылықты арттыру жөнінде қорытынды жасады. Сынып сағаты жоспарға сай өткізіліп, оқушылардың экономикалық түсінігін кеңейтуге ықпал етті.





24 қараша 2025 күні 5 «Б» сыныбында «Біз-сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз » Қауіпсіздік сабағы тақырыбында 10 минуттық қауіпсіздік сабағы өткізілді. Сабақтың мақсаты: оқушыларға сыбайлас жемқорлықтың зияны мен алдын алудың маңызын түсіндіру, адалдық пен әділдік құндылықтарына тәрбиелеу, күнделікті өмірде қауіпсіз және заңға бағынатын әрекеттер жасауға бағыт беру болды. Сабақ барысында сынып жетекшісі сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізер кері әсері туралы қысқаша ақпарат беріп, оқушылармен әділдікке қатысты жағдаяттық сұрақтарды талқылады. «Адалдық — қауіпсіз орта» қағидасы негізінде оқушыларға мектепте және қоғамдық орындарда ережені бұзбай, заңсыз әрекеттерге жол бермеудің маңызы түсіндірілді.Оқушылар әділдік пен жауапкершілік арқылы қоғамда сенімнің қалыптасатынын мысалдар арқылы айтып, дұрыс таңдау мен заңға бағыну қауіпсіздікпен тығыз байланысты екенін талқылады. Қысқа форматтағы қауіпсіздік ережелері мен сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жолдары ұсынылып, оқушылардың ой-пікірі тыңдалды. Сабақ мақсатқа сай ұйымдастырылып, оқушылардың азаматтық жауапкершілігін арттыруға ықпал етті.





2025 жылдың 1 желтоқсанында 5 «Б» сыныбында «Үйге қауіпсіз оралу:қолайсыз ауа-райында не істеу керек?» тақырыбында сынып сағаты өтілді. Сынып сағатының негізгі міндеттері

1. Қолайсыз ауа райында (көктайғақ, боран) жаяу жүргіншілерге арналған **қауіпсіздік ережелерін** таныстыру.
2. Найзағай және дауылды жел кезінде **көшедегі қауіпті орындардан** (электр сымдары, биік ағаштар, жарнама қалқандары) аулақ болуды үйрету.
3. Төтенше жағдай туындаған кездегі **әрекет алгоритмін** және **жедел қызметтердің телефон нөмірлерін** (101, 102, 103, 112) қайталау.

4. Сырт киімде **жарық шағылыстырғыш (рефлекторлық) элементтердің** маңыздылығын түсіндіру.

- **Талқылау:** Ауа райының қауіпті құбылыстарына байланысты оқушылардың басынан өткен жағдайларды талқылау.
- **Ойын-жаттығу:** «Егер... не істейсің?» сұрақтарына жауап беру (Мысалы: *Көктайғақта құлап бара жатсаң, не істейсің?* немесе *Қатты желден ұшып кеткен заттан қалай қорғанасың?*).
- **Бейнематериал:** Қауіпсіздік ережелері туралы қысқа бейнеролик көрсету.
- **Кейс-стади:** Қиын жағдайлардан шығудың қауіпсіз жолдарын ұсыну.

Оқушыларға түсініктеме жұмыстары жүргізіліп,сенім телефондары ұсынылды.

2025-2026 оқу жылындағы «АДАЛ АЗАМАТ» БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫНА сәйкес 5 «Б» сыныбында жоспар бойынша атқарылған жұмыстардың анықтамалығы.

2026 жылдың 12 қаңтар күні «Біз-сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Іс-шараға сынып оқушылары түгелімен қатысып,өздерінің белсенділіктерімен ерекшеленді. Бұл сынып сағатының мақсаты – оқушыларға сыбайлас жемқорлық ұғымын жас ерекшелігіне сай түсіндіру, адалдық, әділдік, жауапкершілік сияқты адамгершілік құндылықтарды насихаттау. Сабақ барысында оқушылар заңға құрметпен қарауды, дұрыс шешім қабылдауды және қоғамдағы адал азаматтың рөлін түсінеді. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізетін кері әсері туралы қарапайым мысалдар арқылы түсінік қалыптастырылады.

Сынып сағаты оқушыларды адал болуға, өз еңбегімен жетістікке жетуге және әділдік қағидаларын ұстануға тәрбиелеуге бағытталған.



2026 жылдың 19 қаңтар күні «Буллингтен қорған!»атты сынып сағаты өтілді. Сынып сағатының мақсаты – білім алушыларға буллинг ұғымын түсіндіру, оның алдын алу жолдарын үйрету және бір-біріне құрметпен қарау мәдениетін қалыптастыру болды.

Іс-шара барысында оқушылар буллингтің түрлерімен танысып, жағымсыз әрекеттердің адамға тигізетін әсері туралы пікір алмасты. Сонымен қатар түрлі жағдаяттық тапсырмалар, сұрақ-жауап және талқылау жұмыстары ұйымдастырылып, оқушылар өз ойларын еркін жеткізді.

Сынып сағатының нәтижесінде оқушылар достықты, сыйластықты, қауіпсіз қарым-қатынасты сақтаудың маңызын түсініп, қиын жағдайларда көмек сұрау және қолдау көрсету қажеттілігі туралы білімдерін толықтырды. Іс-шара тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтті.





2026 жылдың 26 қаңтар күні «Заң және Тәртіп»құндылығы, «Реттеушінің белгілері» атты сынып сағаты өтілді.

Сынып сағатының мақсаты – оқушыларға жол қозғалысы ережелерін сақтау мәдениетін қалыптастыру, реттеуші белгілерінің маңызын түсіндіру және қауіпсіздік ережелерін күнделікті өмірде қолдануға үйрету болды.

Іс-шара барысында білім алушылар реттеушінің негізгі белгілерімен танысып, олардың жол қозғалысындағы рөлі мен маңызын талқылады. Оқушыларға жолда өзін дұрыс ұстау, жаяу жүргінші мен жүргізушінің жауапкершілігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар танымдық тапсырмалар, сұрақ-жауап және жағдаяттық ойындар ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қатысты.

Сынып сағатының қорытындысында оқушылар заң мен тәртіпті сақтаудың қоғамдағы маңызын түсініп, жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша білімдерін кеңейтті. Іс-шара тәрбиелік және танымдық бағытта жоғары деңгейде өтті.

2026 жылдың 2 ақпан күні «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» атты сынып сағаты өтілді.

Сынып сағатының мақсаты – оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыру, интернеттегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру және ақпараттық мәдениетті қалыптастыру болды.

Іс-шара барысында білім алушылар интернет желісін қауіпсіз пайдалану жолдары, жеке мәліметтерді қорғау, әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас әдебі және жалған ақпараттан сақтану туралы мәліметтер алды. Сонымен қатар оқушыларға желідегі қауіп-қатерлердің алдын алу, киберқауіпсіздік ережелерін сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сұрақ-жауап, пікір алмасу және жағдаяттық тапсырмалар арқылы оқушылар өз білімдерін толықтырды.

Сынып сағатының қорытындысында оқушылар цифрлық ортада жауапкершілікпен әрекет ету, қауіпсіздік талаптарын сақтау және интернетті тиімді әрі саналы қолданудың маңызын түсінді. Іс-шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып өткізілді.



2026 жылдың 16 ақпан күні «Қауіпсіз қоғам. Жол белгілері және олардың мақсаты» атты сынып сағаты өтілді.

Сынып сағатының мақсаты – оқушыларға жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы түсінік беру, жол белгілерінің түрлері мен маңызын таныстыру және қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру болды.

Іс-шара барысында білім алушылар жол белгілерінің негізгі топтарымен танысып, олардың күнделікті өмірдегі рөлі туралы ақпарат алды. Оқушыларға ескерту, тыйым салу, нұсқау және ақпараттық белгілердің ерекшеліктері түсіндірілді. Сонымен қатар жолда жүру ережелері, жаяу жүргіншілердің міндеттері мен қауіпсіздік шаралары жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сұрақ-жауап, жағдаяттық тапсырмалар және талқылау арқылы оқушылар белсенділік танытты.

Сынып сағатының қорытындысында оқушылар жол белгілерін ажырата білу, жолда өзін дұрыс ұстау және қоғамдық қауіпсіздікті сақтаудың маңызын түсінді. Іс-шара тәрбиелік және танымдық бағытта жоғары деңгейде өткізілді.





2026 жылдың 2 наурыз күні «Алғыс-ізгі ниет» атты сынып сағаты өтілді.

Сынып сағатының мақсаты – оқушыларға алғыс айтудың маңызын түсіндіру, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу және адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болды.

Іс-шара барысында білім алушылар алғыс айту мәдениеті, мейірімділік, қамқорлық және бір-біріне жақсы қарым-қатынас жасау туралы өз ойларымен бөлісті. Сонымен қатар түрлі танымдық тапсырмалар, пікір алмасу және шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылып, оқушылар күнделікті өмірде алғыс айтудың маңызын түсінді.

Сынып сағатының қорытындысында оқушылар ізгі ниет білдіру, ризашылық таныту және айналасындағы адамдарға құрметпен қараудың адам өміріндегі маңызын ұғынды. Іс-шара тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өткізіліп, оқушылар белсенділік танытты.



2026 жылдың 16 наурыз күні «Наурыз – жыл басы » атты сынып сағаты өтілді. Сынып сағатының мақсаты – оқушыларға Наурыз мерекесінің тарихи және тәрбиелік маңызын түсіндіру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және салт-дәстүрге құрмет сезімін қалыптастыру болды.

Іс-шара барысында білім алушылар Наурыз мейрамының шығу тарихымен, оның қазақ халқының мәдениетіндегі орны мен ерекшеліктерімен танысты. Оқушылар ұлттық дәстүрлер, көктемнің келуі, жаңару мен бірлік туралы пікір алмасты. Сонымен қатар мақал-мәтелдер айту, танымдық тапсырмалар орындау және шығармашылық жұмыстар ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қатысты.

Сынып сағатының қорытындысында оқушылар ұлттық мерекенің мәнін түсініп, халықтың салт-дәстүрін құрметтеу, достық пен татулықты бағалау туралы білімдерін толықтырды. Іс-шара тәрбиелік және танымдық бағытта жоғары деңгейде өткізілді.





2026 жылдың 6 сәуірі күні «Жүргізуші еңбегінің ерекшеліктері және оның негізгі міндеттері. Заманауи көлік-жоғары қауіптілік аймағы » атты сынып сағаты өтілді.

Сынып сағатының мақсаты – оқушыларға жүргізуші мамандығының жауапкершілігін түсіндіру, жол қозғалысы қауіпсіздігі туралы білімдерін кеңейту және қоғамдық ортада қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру болды.

Іс-шара барысында білім алушылар жүргізуші еңбегінің ерекшеліктерімен, жол қозғалысы ережелерін сақтаудың маңызымен танысты. Сонымен қатар заманауи көлік құралдарының қауіпсіздік талаптары, жолдағы мұқияттылық пен тәртіптің маңызы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушыларға жаяу жүргіншілер мен жүргізушілердің міндеттері, жол-көлік оқиғаларының алдын алу жолдары жөнінде ақпарат беріліп, сұрақ-жауап және жағдаяттық тапсырмалар ұйымдастырылды.

Сынып сағатының қорытындысында оқушылар жол қозғалысы мәдениетін сақтау, қауіпсіздік ережелерін орындау және көлік қозғалысына жауапкершілікпен қараудың маңызын түсінді. Іс-шара тәрбиелік және танымдық бағытта жоғары деңгейде өткізілді.

2026 жылдың 20 сәуірінде «Атадан-өсиет,анадан қасиет» атты сынып сағаты өтілді.

5-сыныпта «**Атадан өсиет – анадан қасиет**» атты сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты – оқушыларға отбасы тәрбиесінің маңызын түсіндіру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, үлкенге құрмет пен кішіге ізет көрсетуге тәрбиелеу болды.

Іс-шара барысында білім алушылар ата-ананың өнегесі, атадан қалған асыл сөздер мен ана тәрбиесінің бала өміріндегі орны туралы мағлұмат алды. Сонымен қатар оқушылар ұлттық салт-дәстүрлер, отбасылық құндылықтар және адамгершілік қасиеттер жөнінде

пікір алмасты. Танымдық тапсырмалар, сұрақ-жауап, шығармашылық жұмыстар арқылы оқушылар өз ойларын еркін жеткізді.

Сынып сағатының қорытындысында оқушылар ата-анаға құрмет көрсету, отбасы бірлігін сақтау және ұлттық тәрбиенің маңызын түсінді. Іс-шара тәрбиелік мәні жоғары деңгейде өтіп, оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамытуға ықпал етті.

2026 жылдың 11 мамырында «Қауіпсіз қоғам» атты сынып сағаты өткізілді.

2026 жылдың 11 мамырында 5-сыныпта «**Қауіпсіз қоғам**» атты сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты – оқушыларға қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру, қоғамдық орындарда өзін дұрыс ұстау ережелерін түсіндіру және жауапкершілік сезімін дамыту болды.

Іс-шара барысында білім алушылар қауіпсіз қоғам ұғымымен танысып, күнделікті өмірдегі қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы мәлімет алды. Сонымен қатар қоғамдық орындарда, көшеде, мектепте және интернет кеңістігінде қауіпсіз әрекет ету жолдары талқыланды. Оқушыларға төтенше жағдайлардың алдын алу, бір-біріне құрметпен қарау және тәртіп сақтау жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Сұрақ-жауап, жағдаяттық тапсырмалар мен пікір алмасу ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қатысты.

Сынып сағатының қорытындысында оқушылар қауіпсіз орта қалыптастыру әр адамның жауапкершілігі екенін түсініп, күнделікті өмірде қауіпсіздік ережелерін сақтаудың маңызын ұғынды. Іс-шара тәрбиелік және танымдық бағытта жоғары деңгейде өткізілді.

2026 жылдың 18 мамырында «Білімім-Отаныма!» атты сынып сағаты өткізілді.

2026 жылдың 18 мамырында 5 Б-сыныбында «**Білімім – Отаныма!**» атты сынып сағаты өткізілді. Сынып сағатының мақсаты – оқушыларға білімнің адам өміріндегі және ел болашағындағы маңызын түсіндіру, білімге деген қызығушылықтарын арттыру және Отанға деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру болды.

Іс-шара барысында білім алушылар білім арқылы биік жетістіктерге жетуге болатыны, өз елінің дамуына үлес қосудың маңызы туралы ой бөлісті. Сонымен қатар оқушыларға адал еңбек, жауапкершілік, ізденімпаздық және білімді ұрпақ қалыптастыру құндылықтары түсіндірілді. Танымдық тапсырмалар, сұрақ-жауап және пікір алмасу ұйымдастырылып, оқушылар белсенді қатысты.

Сынып сағатының қорытындысында оқушылар білімнің болашаққа бастайтын маңызды қадам екенін түсініп, алған білімін ел игілігі үшін қолданудың маңызын ұғынды. Іс-шара тәрбиелік және танымдық бағытта жоғары деңгейде өткізілді.


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК РӘМІЗДЕРІ

